

Қазақстан Республикасының облыстық және Алматы қалалық соттарының, облыстық соттар төралқаларының құрамындағы өзгерістер туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1995 жылғы 8 тамыздағы N 2403

"Қазақстан Республикасының төменгі соттарын қалыптастыру тәртібі туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2125 Жарлығының 1-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Мыналар облыстық соттар төрағаларының орынбасарлары және облыстық соттардың мүшелері міндетінен мерзімінен бұрын босатылсын:

Жүкенов Әбдірашит Төлегенұлы - Шығыс Қазақстан облыстық соты төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мүшесінің міндеті жүктелуіне б а й л а н ы с т ы ;

Зуев Алексей Сергеевич - Шығыс Қазақстан облыстық соты төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасынан тысқары кетуіне байланысты өз тілегі б о й ы н ш а ;

Жүсіпов Наурызбай Кәрімұлы - Көкшетау облыстық сотының мүшесі, Қазақстан Республикасынан тысқары кетуіне байланысты өз тілегі бойынша;

Ромазанова Людмила Деонизовна - Маңғыстау облыстық сотының мүшесі, облыстан тысқары кетуіне байланысты өз тілегі бойынша;

2. Облыстық соттардың төрағалары орынбасарларының міндеттері мыналарға жүктелсін :

Шығыс Қазақстан - Кизаметдинов Виктор Николаевич пен
Нұрашева Бибі Файзұлақызына, бұлар
осы соттың мүшелері міндетінен
б о с а т ы л с ы н ;

Манғыстау - Шиняев Нұрғожа Қыдырханұлына;
Семей - Шалабаева Раиса Михайловнаға, ол осы
соттың мүшесі міндетінен босатылсын;

облыстық соттар мүшелерінің міндеті:

Шығыс Қазақстан - Кәкімжанов Мартпек Әшімұлына;
Талдықорған - Құншаев Нұрбатыр Серғалиұлына;

Алматы қалалық соты мүшелерінің міндеті:

- Жанғазин Ербол Әмірғалиұлына;
- Мәдібаева Зейнебике Орынбасарқызына;
- Мүсіна Гүлжахан Мәдиқызына жүктелсін.

3. Шығыс Қазақстан облыстық сотының төралқа мүшелері болып:

- Кривихина Татьяна Григорьевна;
- Нұрмұханова Ләзат Қабденқызы

бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК